**Мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 406 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 қыркүйекте № 29848 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 4-1-бабының 7) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3- тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Мәдениет және ақпарат министрінің 28.05.2026 № 247-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*
*Ақпарат және қоғамдық* *Д. Қыдырәлі*

*даму министрі*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Бас прокуратурасы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары
білім министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу
және дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржылық мониторинг агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар
агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл агенттігі
(Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы қызмет)

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық
даму министрінің
2022 жылғы 26 қыркүйектегі
№ 406 бұйрығымен
бекітілген

**Мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау қағидалары**

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 07.04.2025 № 144-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 4-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес әзірленді және үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) әлеуметтік бағдарлама – өзара байланысты әлеуметтік жобалар кешені;

2) әлеуметтік жоба – әлеуметтік мәні бар салалардағы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған, бір жыл ішінде және үш жылға дейін іске асырылатын ұйымдастырушылық, экономикалық және техникалық шаралардың жиынтығы;

3) грант алушы – осы Қағидаларға сәйкес грант алған және оператормен тиісті шарт жасасқан үкіметтік емес ұйым;

4) гранттар беру жөніндегі конкурстық комиссия (бұдан әрі – Конкурстық комиссия ) – үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор құратын және мемлекеттік гранттар беру туралы шешім қабылдайтын алқалы орган;

5) жергілікті атқарушы орган – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың,ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалық атқарушы орган;

6) конкурс – осы Қағидаларға сәйкес мемлекеттік гранттар беру үшін жеңімпазды айқындау процесі;

7) қысқа мерзімді гранттар – іске асыру мерзімі үш айдан бір жылға дейін құрайтын , қаржыландыру көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен кем емес және үш мың еселенген мөлшерінен аспайтын гранттар;

8) мүдделер қақтығысы - конкурс сарапшысының және (немесе) Гранттар беру жөніндегі конкурстық комиссия мүшесінің жеке мүдделілігі объективті шешім қабылдауға ықпал ете алатын ахуал;

9) мемлекеттік гранттарды қалыптастыру – мемлекеттік органдардың мемлекеттік гранттардың бағыттарын айқындау, мемлекеттік гранттар үшін бюджет қаражатын жыл сайынғы және (немесе) орта мерзімді жоспарлау және айқындау рәсімін жүргізу жөніндегі қызметі;

10) мемлекеттік гранттардың тиімділігін бағалау – жобаларды іске асыру барысында алынған нәтижелерді, олардың қойылған мақсаттар мен күтілетін нәтижелерге сәйкестігін талдау процесі;

11) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар саласындағы мемлекеттік орган (бұдан әрі – мемлекеттік орган) – мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру, оның іске асырылу мониторингі және нәтижелерін бағалау, үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік гранттарды қалыптастыру және олардың тиімділігін бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік орган, оның ішінде орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы орган;

12) орта мерзімді гранттар – іске асыру мерзімі бір жылдан екі жылға дейін құрайтын, қаржыландыру көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің үш мың еселенген мөлшерінен кем емес және он мың еселенген мөлшерінен аспайтын гранттар;

13) өтініш беруші – осы Қағидаларға сәйкес грант алуға өтінім берген үкіметтік емес ұйым;

14) сарапшы – Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген салалардың бірі бойынша қажетті кәсіптік білімі бар және Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген бір немесе бірнеше сала бойынша кемінде 5 (бес) жыл жұмыс тәжірибесі және әлеуметтік жобаларды іске асыруға қатысуға кемінде 2 (екі) жыл тәжірибесі бар жеке тұлға;

15) сарапшылар тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – осы Қағидаларға сәйкес өтінімдерді бағалау үшін осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін адамдар қатарынан

үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор қалыптастыратын гранттар беру салалары бойынша сарапшылар тізімі;

16) Уәкілетті орган жанындағы үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі үйлестіру кеңесі (бұдан әрі – Үйлестіру кеңесі) – үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимылды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін уәкілетті орган құратын консультациялық кеңесші орган;

17) ұзақ мерзімді гранттар – іске асыру мерзімі екі жылдан үш жылға дейін құрайтын, қаржыландыру көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің он мың еселенген мөлшерінен кем емес, осы Қағидаларға сәйкес ұзақ мерзімді жобаларды іске асыру үшін қажетті материалдық базасы бар үкіметтік емес ұйымдарға берілетін гранттар;

18) үкіметтік емес ұйымдарға арналған грант (бұдан әрі – грант) – үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың азаматтық бастамаларды қолдау, әлеуметтік саланы дамытудың өзекті мәселелерін шешуге үкіметтік емес ұйымдардың әлеуетін тарту мақсатында үкіметтік емес ұйымдарға беретін қаражат;

19) үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттарды іске асыру мониторингі – үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік гранттарды іске асыру туралы ақпаратты жинау, өңдеу және талдау;

20) үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор ( бұдан әрі – оператор) – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын және Заңға сәйкес гранттар ұсынуға құқығы бар акционерлік қоғам нысанындағы коммерциялық емес ұйым;

21) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі кеңестер – құрамына мүдделі мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері кіретін, мемлекеттік орган мен үкіметтік емес ұйымдар арасындағы өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу үшін құрылатын консультациялық-кеңесші органдар;

22) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс–қимыл саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

23) үкіметтік емес ұйымның өтінімі (бұдан әрі – өтінім) – осы Қағидалардың талаптарына сәйкес қажетті құжаттар қоса берілген үкіметтік емес ұйымның өтініші.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Мәдениет және ақпарат министрінің 28.05.2026 № 247-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**2-тарау. Мемлекеттік гранттарды қалыптастыру тәртібі**

3. Мемлекеттік гранттарды қалыптастыру мынадай кезеңдерден тұрады:

1) бірінші кезең – ұсыныстарды жинау және талдау, мемлекеттік гранттар бағыттарының тізбесін қалыптастыру;

2) екінші кезең – Үйлестіру кеңесінің немесе мемлекеттік органдардың жанынан құрылатын үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі кеңестердің қарауына мемлекеттік гранттардың бағыттарын енгізу;

3) үшінші кезең – бюджеттік өтінімге қосу және оны Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен қарау.

4. Бірінші кезеңде мемлекеттік органдар жыл сайын күнтізбелік жылдың 1 қарашасына дейін үкіметтік емес ұйымдар мен азаматтардан осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік гранттардың бағыттары бойынша ұсыныстар жинайды.

Мемлекеттік органдар жыл сайын күнтізбелік жылдың 1 желтоқсанына дейін берілген ұсыныстарды мына дереккөздердің біріне:

1) Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының басымдықтарына, Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарына, Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауларына;

2) әлеуметтік зерттеулердің нәтижелеріне, халықтың қажеттіліктерін бағалауға, алдыңғы күнтізбелік 2 (екі) жылдағы іске асырылған гранттардың нәтижелері мен ұсынымдарына сәйкестігі тұрғысынан талдау жасайды.

Талдау қорытындылары бойынша мемлекеттік органдар осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік гранттар бағыттарының тізбесін (бұдан әрі – мемлекеттік гранттар бағыттарының тізбесі) қалыптастырады.

Мемлекеттік органдар уәкілетті органға жолдағанға дейін 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей операторға тиісті ұсынымдар алу үшін мемлекеттік гранттар бағыттары тізбесінің қалыптастырылған жобасын жібереді.

Оператор 10 (он) жұмыс күні ішінде мемлекеттік гранттар бағыттарының тізбесін қалыптастыру процесінде мемлекеттік органдар ескеретін ұсынымдар мен ұсыныстарды қарайды және мемлекеттік органдарға жібереді.

5. Екінші кезеңде мемлекеттік органдар оператордың ұсынымдарын ескере отырып, мемлекеттік гранттар бағыттарының тізбесін Үйлестіру кеңесінің немесе мемлекеттік органдар жанынан құрылатын үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі кеңестердің қарауына шығарады, оның ішінде:

Орталық мемлекеттік органдардың мемлекеттік гранттары бағыттарының тізбесі бойынша:

1) орталық мемлекеттік органдар жыл сайын күнтізбелік жылдың 5 ақпанынан кешіктірмей уәкілетті органға мемлекеттік гранттар бағыттарының тізбесін жібереді;

2) уәкілетті орган жыл сайын күнтізбелік жылдың 15 наурызына дейін мемлекеттік гранттар бағыттарының тізбесін Үйлестіру кеңесінің қарауына жібереді;

3) уәкілетті орган мемлекеттік гранттардың бағыттары бойынша Үйлестіру кеңесінің ұсынымдарын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы ұсынымдарды олардың құзыретіне сәйкес орталық мемлекеттік органдарға жібереді.

Жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік гранттар бағыттарының тізбесі бойынша жыл сайын күнтізбелік жылдың 1 тамызына дейін үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі кеңестердің қарауына мемлекеттік гранттар бағыттарының тізбесін шығарады.

6. Үшінші кезеңде мемлекеттік органдар Үйлестіру кеңесінің немесе үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі кеңестің ұсынымдары негізінде мемлекеттік гранттарды түрлері бойынша бөле отырып, мемлекеттік гранттар бағыттарының тізбесін қалыптастырады және оларды Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген тәртіппен өздерінің бюджеттік өтінімдеріне қосады.

Гранттарды түрлері бойынша бөлу мемлекеттік органның жүргізген талдау қорытындылары бойынша белгіленген проблемаға байланысты мынадай өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылады:

қысқа мерзімді гранттар бойынша:

1) іске асыру мерзімі үш айдан бір жылға дейін;

2) қаржыландыру көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің кемінде бес жүз еселенген және үш мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерді құрайды;

3) республикалық бюджеттен мемлекеттік гранттар іске асырылған жағдайда кемінде 1 аудандық маңызы бар қаланың немесе ауылдың немесе кенттің не ауылдық округтің аумағында жергілікті міндеттерді шешу;

4) жергілікті бюджеттен мемлекеттік гранттар іске асырылған жағдайда кемінде 1 ауылдың немесе кенттің не ауылдық округтің аумағында жергілікті міндеттерді шешу.

орта мерзімді гранттар бойынша:

1) іске асыру мерзімі бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімді құрайды;

2) қаржыландыру көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің кемінде үш мың еселенген және он мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерді құрайды;

3) мемлекеттік гранттар республикалық бюджет есебінен іске асырылған жағдайда:

кемінде 2 (екі) облыс немесе республикалық маңызы бар қалаларды қоса алғанда кемінде 2 (екі) ұқсас әкімшілік-аумақтық бірлік аумағындағы өңірлік міндеттерді шешу ;

4) жергілікті бюджеттен мемлекеттік гранттар іске асырылған жағдайда аумақтағы өңірлік міндеттерді шешу:

облыстың кемінде 2 (екі) ауданы және (немесе) облыстық маңызы бар қаласы;

республикалық маңызы бар қаланың және (немесе) астананың кемінде 2 (екі) ауданы.

ұзақ мерзімді гранттар бойынша:

1) іске асыру мерзімі екі жылдан үш жылға дейінгі мерзімді құрайды;

2) қаржыландыру көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің кемінде он мың еселенген мөлшерін құрайды;

3) мемлекеттік гранттар республикалық бюджет есебінен іске асырылған жағдайда:

кемінде 10 (он) облыстың немесе республикалық маңызы бар қалаларды қоса алғанда кемінде 10 (он) ұқсас әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында іске асырылатын республикалық міндеттерді шешу;

4) мемлекеттік гранттар жергілікті бюджет есебінен іске асырылған жағдайда аумақтағы өңірлік міндеттерді шешу:

облыстың кемінде 3 (үш) ауданы және (немесе) облыстық маңызы бар қаласы;

республикалық маңызы бар қаланың және (немесе) астананың кемінде 3 (үш) ауданы.

5) бірнеше құрамдауыштардан және (немесе) қызметтерден тұратын іс-шаралар кешені.

Ескерту. 6-тармақта орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізіледі, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгеріссіз қалады - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Мәдениет және ақпарат министрінің 28.05.2026 № 247-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**3-тарау. Мемлекеттік гранттарды беру тәртібі**

7. Мемлекеттік гранттарды оператор Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген салалар шеңберінде және мемлекеттік органның оператормен жасасатын үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік гранттар беру үшін ақша қаражатын беру туралы шарт негізінде мемлекеттік бюджет қаражатынан береді.

Мемлекеттік гранттар беру мынадай кезеңдерден тұрады:

1) мемлекеттік гранттар бағыттарының тізбесін бекіту;

2) сарапшылар тізілімін қалыптастыру және конкурстық комиссия құрамын бекіту;

3) конкурс өткізу;

4) грант алушымен шарт жасасу.

8. Мемлекеттік гранттар беру мемлекеттік гранттар бағыттарының бекітілген тізбесі негізінде конкурс өткізу арқылы:

1) республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне осы мақсаттарға бөлінген қаражаттан – орталық мемлекеттік органдардың – республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің мемлекеттік гранттар бағыттары тізбесінің негізінде;

2) осы мақсаттарға бөлінген жергілікті бюджет қаражатынан – жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік гранттар бағыттары тізбесінің негізінде жүзеге асырылады.

## 1-параграф. Мемлекеттік гранттар бағыттарының тізбесін бекіту тәртібі

9. Республикалық немесе жергілікті бюджеттерден қаражат бөлінген кезде, мемлекеттік органдар осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті бюджет бекітілген күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде мемлекеттік гранттардың бағыттар тізбесін бекітеді.

Мемлекеттік гранттар бағыттарының тізбесі мыналарды:

1) өтініш берушілер ұсынатын әлеуметтік жобалар шешуге бағытталатын проблемалардың сипаттамасын;

2) мемлекеттік гранттардың түрлері бойынша мемлекеттік гранттарды қаржыландыру көлемі мен іске асыру мерзімдерін;

3) нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелерді;

4) мемлекеттік гранттардың іске асырылу аумағын;

5) ұзақ мерзімді гранттарды іске асыру кезінде материалдық базаға қойылатын талаптарды қамтиды.

10. Мемлекеттік органдар мемлекеттік гранттар бағыттарының бекітілген тізбесін ол бекітілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

11. Мемлекеттік орган қаржы жылы ішінде мемлекеттік гранттардың қосымша бағыттарын қалыптастырған кезде мемлекеттік гранттар бағыттарының қосымша тізбесін бекітеді.

Мемлекеттік гранттар бағыттарының қосымша тізбесі осы Қағидалардың 9-тармағына сәйкес бекітіледі.

## 2-параграф. Сарапшылар тізілімін қалыптастыру және конкурстық комиссия жұмысының тәртібі

12. Оператор өтінімдерді бағалауды жүзеге асыру үшін осы Қағидаларға сәйкес сарапшылар тізілімін жүргізеді.

13. Оператор конкурстық рәсімдерді өткізу мақсатында Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын сарапшылар тізіліміне енгізу үшін кандидаттарды жинауды жүзеге асырады.

Сарапшылар тізіліміне енгізу мынадай кезеңдерден тұрады:

1) заңды немесе жеке тұлғалардан ұсыныстар жинау;

2) оператордың кандидаттардың белгіленген талаптарға сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы тексеруі;

3) кандидаттың "Әлеуметтік жобаларды сараптау" білім беру модулінен өтуі;

4) кандидатты тізілімге енгізу.

Тізілім жыл бойы жаңартылады.

14. Сарапшылар тізіліміне енгізу үшін заңды және жеке тұлғалар операторға күнтізбелік жыл ішінде мынадай құжаттар топтамасын жібереді:

1) ресми хат (заңды тұлғалар үшін) немесе еркін нысандағы өтініш (жеке тұлғалар үшін);

2) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес тізілімге енгізу үшін кандидат туралы мәліметтер;

3) ұсыныс хаттар, сертификаттар (болған жағдайда), білімі туралы құжаттардың немесе мемлекеттік гранттар бағыты бойынша сарапшының біліктілігін растайтын өзге де құжаттардың көшірмелері;

4) Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген бір немесе бірнеше салаларда жұмыс тәжірибесін және кемінде 2 (екі) жыл әлеуметтік жобаларды іске асыруға қатысу тәжірибесін растайтын құжаттардың көшірмесі; 5) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес дербес деректерді жинауға, өңдеуге, таратуға, оның ішінде жариялауға келісім беру.

15. Оператор жеке және заңды тұлғалардан түскен ұсыныстарды келіп түскен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды және кандидаттардың ұсынған құжаттарын Қағидалардың осы тармағында көрсетілген қажетті талаптарға сәйкестігін тексереді.

Оператор мемлекеттік гранттар бағыттары бойынша олар мынадай талаптарға сәйкес келген кезде кандидаттардың тізімін қалыптастырады:

1) Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген бір немесе бірнеше салаларда кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің және әлеуметтік жобаларды іске асыруға қатысуда кемінде 2 (екі) жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

2) Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген мемлекеттік гранттар салаларының бірі бойынша кәсіптік білімінің болуы.

16. Оператор кандидатқа:

1) толық емес құжаттар топтамасын ұсынғанда;

2) құжаттарда қамтылған дәйексіз деректер анықталғанда;

3) кандидат осы Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмегенде, кандидат бойынша ұсынысты қараудан бас тарта алады.

17. Осы Қағидалардың 16-тармағында белгіленген негіздер бойынша тізілімге енгізуден бас тарту сарапшы кандидатурасын ұсынған жеке және (немесе) заңды тұлғаға жіберіледі.

Құжаттардың толық топтамасы қайта ұсынылған жағдайда оператор осы Қағидалардың 15-тармағына сәйкес рәсімді жүргізеді.

18. Кандидат осы Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда оператор кандидатқа оператор платформасының базасында "

Әлеуметтік жобаларды сараптау" білім беру модулінен өту қажеттілігі туралы хабарлама жібереді.

Кандидат 5 (бес) жұмыс күні ішінде білім беру модулінен өтеді.

19. Кандидат "Әлеуметтік жобаларды сараптау" білім беру модулінен өтпеген жағдайда оператор кандидатқа тізілімге енгізуден бас тартады.

20. "Әлеуметтік жобаларды сараптау" білім беру модулінен сәтті өткен жағдайда оператор кандидатты сарапшылар тізіліміне енгізеді.

Оператор тізілімге енгізілген сарапшыға қызмет көрсету шартын жібереді.

Бір сарапшы Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген 3 (үштен) аспайтын салалар бойынша сарапшылар тізіліміне енгізіледі.

21. Сарапшыны тізілімнен шығару оператордың шешімі бойынша:

1) сарапшының сарапшылар тізілімінен шығару туралы өтініші бойынша;

2) үкіметтік емес ұйымдардың мемлекеттік грант алуға өтінімдерін бағалау кезінде мүдделер қақтығысының болу фактісі туралы расталған немесе оператор хабардар етілмеген жағдайда;

3) сарапшы қызмет көрсету шартының талаптарын бұзғанда жүзеге асырылады.

22. Конкурс сарапшыларының құрамын Оператор сарапшының өтініш берушілермен мүдделер қақтығысының бар-жоғын ескере отырып, Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген салалар бойынша қалыптастырады.

Оператор қорытынды жарияланған келесі күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде сарапшыларға конкурсқа жіберілген өтініш берушілердің тізімін және осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес мүдделер қақтығысының бар-жоғы туралы хабарлама нысанын жібереді.

Өтініш берушімен мүдделер қақтығысы бар сарапшылар өтінімдерді қарауға жіберілмейді.

23. Сарапшы мүдделер қақтығысының бар-жоғы туралы хабарламаны алғаннан кейінгі келесі күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде операторға осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес толтырылған нысанды жібереді.

Оператор сарапшылардан мүдделер қақтығысының жоқ екені туралы ақпарат алғаннан кейінгі келесі күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде сарапшылар құрамын бекітеді.

24. Сарапшылар қызметті 1 (бір) конкурс ішінде, оператор мен сарапшы арасында жасалған шарт негізінде жүзеге асырады.

25. Конкурстық комиссияны оператор мемлекеттік гранттар беру туралы шешім қабылдау үшін құрады.

Конкурстық комиссияның құрамы кемінде 5 мүшеден, оның ішінде мемлекеттік органдардың, оператордың, үкіметтік емес ұйымдардың және (немесе) өкілді органдардың өкілдерінен тұрады.

Конкурстық комиссияның құрамы тиісті мүдделі мемлекетік орган өкілінің міндетті қатысуымен мемлекеттік орган бөлген мемлекеттік грант бағыттарының әрбір тізбесі үшін жеке қалыптастырылады.

Конкурстық комиссияның мүшелері оның жұмысына қоғамдық негізде қатысады.

Конкурстық комиссияның төрағасын отырысқа қатысып отырған мүшелерінің арасынан оның құрамы сайлайды.

26. Конкурстық комиссияның төрағасы:

1) Конкурстық комиссия отырысына жалпы басшылықты жүзеге асырады;

2) Конкурстық комиссия отырысы барысында тәртіп пен әдеп нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

3) отырыстың хаттамасын өз қолымен куәландырады;

4) Конкурстық комиссияның шешімін қабылдау қорытындылары бойынша өтініш берушілердің қарсылықтарын қарау нәтижелері бойынша шешімдерді қарайды және өз қолымен куәландырады.

Конкурстық комиссияның мүшесі:

1) Конкурстық комиссияның отырыстарына қатысады;

2) осы Қағидалардың талаптарына сәйкес өтінімдерді, сарапшылардың бағалау қорытындыларын, өтініш берушілерге қатысты оператордың ақпаратын қарайды;

3) өтінімдер мен өтініш берушілер туралы ақпаратты құпия сақтайды;

4) өз қызметін жүзеге асыру үшін барлық қажетті құжаттама мен мәліметтерді сұратады;

5) Конкурстық комиссияның шешімін қабылдау қорытындылары бойынша өтініш берушінің қарсылықтарын қарайды;

6) осы Қағидалардың және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтайды.

Конкурстық комиссияның хатшысы оператордың уәкілетті адамы болып табылады.

Конкурстық комиссияның хатшысы:

1) Конкурстық комиссия мүшелеріне сарапшылардың бағалау қорытындыларын және Конкурстық комиссияға жіберілген өтінімдер бойынша оператордың ақпаратын қоса алғанда, құжаттар топтамасын жібереді;

2) Конкурстық комиссия мүшелерін оны өткізгенге дейін 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей Конкурстық комиссия отырысының өткізілу уақыты, күні және орны туралы хабардар етеді; 3) Конкурстық комиссияның отырысын ұйымдастырады;

4) Конкурстық комиссияның хаттамасын жүргізеді;

5) Конкурстық комиссия төрағасының хаттамаға қол қоюын қамтамасыз етеді.

**3-параграф. Конкурсты өткізу тәртібі**

27. Конкурс мынадай:

1) оператордың интернет-ресурсында, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс туралы хабарландыруды жариялау;

2) әлеуетті өтініш берушілер үшін консультациялар өткізу;

3) оператордың үкіметтік емес ұйымдардан өтінімдер қабылдауы;

4) оператордың өтінімдерді осы Қағидаларға сәйкестігін қарауы;

5) конкурстық іріктеуді жүргізу;

6) оператордың интернет-ресурсында конкурс нәтижелері туралы хаттамадан үзінді-көшірмені орналастыру және мемлекеттік гранттың жеңімпазы болған үкіметтік емес ұйымдарға хабарлама жіберу кезеңдерінен тұрады.

28. Оператор үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік гранттар беру үшін ақша қаражатын беру туралы мемлекеттік органдармен жасалған шарттардың негізінде осы Қағидаларға сәйкес қажетті рәсімдердің жүргізілуін қамтамасыз етеді

29. Оператор үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік гранттар беру үшін ақша қаражатын беру туралы шарты жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өзінің интернет-ресурсында, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында қазақ және орыс тілдерінде конкурс туралы хабарландыруды жариялайды.

30. Қысқа мерзімді гранттар беру ерекшеліктері осы тараудың 4-параграфында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

Орта мерзімді және ұзақ мерзімді гранттар беру ерекшеліктері осы тараудың 5-параграфында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

31. Грант бағыты бойынша конкурс мынадай негіздердің бірі бойынша:

1) конкурсқа қатысуға ұсынылған өтінімдер болмаса;

2) өтінімдердің бірде-біреуі конкурсқа қатысуға жіберілмесе;

3) егер қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді гранттың бағыты бойынша бағалауға ұсынылған өтінімдердің бірде-біреуі конкурс сарапшыларының бағалау қорытындыларының нәтижелері бойынша ең жоғары жиынтық балл санының 50 (елу) пайызынан артық жинамаса, өтпеді деп танылады.

Гранттар бағыты бойынша конкурс өтпеді деп танылған жағдайда оператор өзінің интернет-ресурсында 2 (екі) жұмыс күні ішінде қазақ және орыс тілдерінде конкурс туралы хабарландыруды қайта жариялайды.

32. Конкурстық комиссияның шешімі конкурстық комиссияның отырысында қарапайым көпшілік дауыспен дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар тең болған кезде түпкілікті шешімді конкурстық комиссияның төрағасы қабылдайды.

Конкурстық комиссияның отырысы оның мүшелерінің 50 (елу) пайыздан астамы қатысқан жағдайда заңды болып саналады.

Конкурстық комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді және оператор үшін міндетті болып табылады.

Конкурстық комиссияның хаттамасы жеңімпаз туралы, сондай-ақ екінші орынды алған өтініш беруші туралы мәліметтерді қамтиды.

Оператор Конкурстық комиссия шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оператордың интернет-ресурсында хаттамадан үзінді-көшірмені орналастырады.

33. Өтініш беруші оператор хаттамадан үзінді-көшірмені орналастырған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оператордың электрондық мекенжайына Конкурстық комиссияның шешіміне жазбаша нысанда қарсылық береді.

Оператор 3 (үш) жұмыс күні ішінде оның отырысына дейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде Конкурстық комиссияның қарауына жіберілетін ақпаратты дайындайды.

34. Конкурстық комиссия мынадай:

1) конкурстық комиссияның шешімін өзгеріссіз қалдыру;

2) өтініш берушінің негізделген қарсылықтарын ескере отырып, Конкурстық комиссияның шешіміне өзгерістер енгізу шешімдерінің бірін қабылдайды.

Оператор Конкурс комиссиясының төрағасы қол қойған хаттаманы алған күннен кейінгі 1 (бір) жұмыс күні ішінде:

1) хаттамадан үзінді-көшірмені өзінің интернет-ресурсында орналастырады;

2) ұсынылған қарсылыққа өтініш берушіге тиісті хабарлама жібереді.

Қағидалардың 33-тармағының бірінші абзацында көзделген шағымдану мерзімдері өткеннен кейін Конкурстық комиссияның шешімдері қайта қаралуға жатпайды.

35. Конкурс қорытындыларына шағымдану мерзімдері өткеннен кейін немесе конкурс қорытындыларына шағымдану нәтижелері бойынша Конкурстық комиссияның шешімі қабылданғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде оператор әлеуетті грант алушы алған кезден бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде оған қол қоюға жататын әлеуетті грант алушыларға мемлекеттік грант беру туралы шарт жасасу қажеттігі туралы хабарлама жібереді.

36. Мемлекеттік грантты беру туралы шартқа мемлекеттік грантты қаржыландыру шарттары, аралық және қорытынды есептердің нысандары, мониторинг жүргізу үшін растайтын құжаттарға қойылатын талаптар, конкурс талаптарына сәйкес өтініш беруші ұсынған әлеуметтік жобаны іске асыру жөніндегі шығындардың егжей-тегжейлі жоспары мен сметасы енгізіледі.

Мемлекеттік грант беру туралы шарт жасасу үшін әлеуетті грант алушы екінші деңгейдегі банктегі банктік шот туралы анықтаманың көшірмесін ұсынады.

37. Егер мемлекеттік грант беру туралы шарт осы Қағидаларда белгіленген мерзімде әлеуетті грант алушының кінәсінен жасалмаған кезде, оператор шарттың жобасын хаттамаға сәйкес жеңімпаздан кейінгі екінші орында тұрған өтініш берушіге жібереді.

38. Жеңімпаздан кейінгі өтініш беруші болмаған жағдайда оператор конкурсты қайта өткізу туралы шешім қабылдайды.

**4-параграф. Қысқа мерзімді гранттар беру тәртібі**

39. Қысқа мерзімді гранттарды беруге өтінімдерді қабылдау мерзімі оператор конкурс туралы хабарландыруды жариялағаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды.

Конкурсқа қатысу үшін өтініш беруші қабылдау аяқталған күннен және уақыттан кешіктірмей Операторға осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес құрылтай құжаттарын ( Жарғы, оған барлық өзгерістер мен толықтырулармен, құрылтай шарты (болған жағдайда) және өтініш берушінің уәкілетті органының бірінші басшыны тағайындау туралы) қоса бере отырып, қазақ немесе орыс тілдерінде өтінім енгізеді.

Өтініш берушінің қолымен куәландырылған өтінімдер оператордың хабарландыруында көрсетілген электрондық мекенжайға пошта байланысы арқылы немесе қолма-қол не веб-портал арқылы беру тәсіліне байланысты қағаз немесе электрондық тасығышта ұсынылады.

Оператор хабарландыруда көрсетілген мерзімнен кейін алынған өтінімдерді қарамайды.

40. Өтінім мемлекеттік орган бекітетін үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік гранттар бағыттарының тізбесі және осы Қағидалардың талаптары негізінде қалыптастырылады.

Ұсынылатын әлеуметтік жоба шығыстарының сметасы әлеуметтік жобаны іске асыруға тікелей байланысты шығындардан және өтінімде көрсетілген жоспарланған іс-шаралардан қалыптастырылады.

41. Оператор өтінімдерді қабылдау аяқталғаннан кейінгі күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде оларды осы Қағидаларда көзделген талаптарға және мемлекеттік гранттар бағыттарының бекітілген тізбесіне сәйкестігін қарайды.

Оператор өтінімдерді қарау нәтижесі бойынша қорытынды дайындайды және оны өзінің ресми интернет-ресурсында орналастырады.

Қорытындыда келіп түскен өтінімдердің жалпы саны, сараптамалық бағалауға өткен өтінімдердің саны туралы ақпарат және өтініш берушілер бөлінісінде жіберілмеген өтінімдер туралы ақпарат қамтылады.

42. Оператор мынадай жағдайларда:

1) өтінім осы Қағидалардың 39 және 40-тармақтарының талаптарына, оның ішінде осы Қағидалардың № 7 қосымшасына сәйкес өтінім нысанына қойылатын талаптарға, материалдық-техникалық қамтамасыз ету және институционалдық дамытуға арналған шығыстардың мөлшеріне, ұсынылған құжаттардың толықтығына және өтініш берушінің қолының болуына сәйкес келмеген;

2) өтінім мемлекеттік гранттар бағыттарының бекітілген тізбесіне, оның ішінде нысаналы индикаторға, күтілетін нәтижелерге, іске асыру мерзімі мен аумағына сәйкес келмесе сондай-ақ, грантты қаржыландыру мөлшерін арттырса;

3) үкіметтік емес ұйымның құрылтай құжаттарының мемлекеттік грант бағытына сәйкес келмеуі;

4) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 19 ақпандағы № 51 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13355 болып тіркелген) бекітілген Үкіметтік емес ұйымдар өз қызметтері туралы мәліметтерді ұсыну және олар туралы дерекқорды қалыптастыру қағидаларына сәйкес тәртіпте үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында үкіметтік емес ұйым туралы мәліметтер болмаған;

5) егер үкіметтік емес ұйым тарату процесінде болған;

6) егер үкіметтік емес ұйым банкрот деп танылса;

7) егер үкіметтік емес ұйымның атқарушылық іс жүргізу бойынша берешегі болса;

8) егер үкіметтік емес ұйым мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде тұрған;

9) егер үкіметтік емес ұйымның мүлкіне тыйым салынған;

10) егер үкіметтік емес ұйымның экономикалық қызметі тоқтатылған;

11) егер үкіметтік емес ұйымның басшылары, құрылтайшылары мемлекеттік органның және (немесе) оператордың уәкілетті адамдарының жұбайы (зайыбы), жақын туыстары, жекжаттары болған;

12) егер үкіметтік емес ұйымның басшылары, құрылтайшылары террористік қызметке қатысы бар адамдардың тізіміне, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне және ( немесе) терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне енгізілген;

13) егер үкіметтік емес ұйымның оператор алдында ағымдағы берешегі бар болса конкурсқа қатыстырудан бас тартады және өтініш берушіге тиісті хабарлама жібереді.

43. Өтінімдердің осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін тексеру қорытындылары бойынша оператор конкурсқа қатысуға жіберілген өтінімдерді сараптамалық бағалауға жібереді.

44. Конкурсқа қатысуға жіберілген үкіметтік емес ұйымдардың өтінімдерін бағалауды сарапшылар жүзеге асырады.

Өтінімдерді алғаннан кейін сарапшылар оларды осы Қағидаларға 8-қосымшада көрсетілген өтінімдерді бағалаудың мынадай:

1) өтінім берушінің ақпараттық ашықтығы;

2) жобаны іске асыру тәсілдерінің инновациялығы;

3) жобаның логикалық жүйелілігі мен жүзеге асырылуы, сондай-ақ жоба іс-шараларының оның мақсаттарына, міндеттеріне және күтілетін нәтижелеріне сәйкестігі;

4) жоба шығыстары сметасының негізділігі, сондай-ақ жоспарланған шығындардың барабарлығы;

5) жобаның әлеуметтік әсері өлшемшарттарына сәйкес бағалайды.

45. Сарапшылар оператордан сараптамалық бағалауға өтінімдер келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей операторға толтырылған және қол қойылған бағалау қорытындысын ұсынады.

Республикалық бюджет қаражатынан мемлекеттік гранттар бойынша конкурс өткізілген жағдайда әрбір өтінімді кемінде 5 (бес) сарапшы қарайды.

Жергілікті бюджет қаражатынан мемлекеттік гранттар бойынша конкурс өткізілген жағдайда әрбір өтінімді кемінде 3 (үш) сарапшы қарайды.

Сарапшылар өз қызметін конкурс сарапшыларының құрамымен танысу құқығынсыз дербес жүзеге асырады.

46. Бағалау қорытындыларын алғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде оператор жиынтық бағаларды қалыптастырады.

Сарапшылардың бағалау қорытындыларының нәтижесі бойынша ең жоғары жиынтық балл санының 50 (елу) пайызынан астам жинаған өтінімдер Конкурстық комиссияның қарауына жіберіледі.

47. Конкурстық комиссияның хатшысы отырыс өткізілетін күнге дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Конкурстық комиссия мүшелерін хабардар етеді және сарапшылардың бағалау қорытындылары мен Конкурстық комиссияға өткен өтінімдер бойынша оператордың ақпаратын қоса алғанда, құжаттар топтамасын жібереді.

48. Шешім Конкурстық комиссияның отырысында қарапайым көпшіліктің дауыс беруі арқылы қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда соңғы шешімді Конкурстық комиссияның төрағасы қабылдайды.

Конкурстық комиссияның отырысы оның мүшелерінің 50 (елу) пайызынан астамы қатысқан жағдайда заңды болып саналады.

Конкурстық комиссияның хаттамасы жеңімпаз туралы, сондай-ақ екінші орынды алған өтініш беруші туралы мәліметтерді қамтиды.

49. Күн тәртібіне қарауға енгізілген мәселеге қатысты Конкурстық комиссия мүшесінде мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда, ол бұл туралы Конкурстық комиссияның төрағасын хабардар етеді.

Конкурстық комиссияның мұндай мүшесі көрсетілген мәселе бойынша дауыс беруге қатыспайды.

50. Конкурстық комиссияның шешімі оны өткізген күннен кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде хаттамамен ресімделеді, оған отырыста төрағалық етуші қол қояды.

51. Конкурстық комиссия мен оператор қызметінің кейінгі рәсімдері осы Қағидалардың 32-38-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

**5-параграф. Орта мерзімді және ұзақ мерзімді гранттар беру тәртібі**

52. Орта мерзімді және ұзақ мерзімді гранттарды беруге өтінімдерді қабылдау мерзімі оператор конкурс туралы хабарландыруды жариялаған кезден бастап 20 ( жиырма) жұмыс күнін құрайды.

Өтініш берушінің қолымен куәландырылған өтінімдер оператордың хабарландыруында көрсетілген электрондық мекенжайға пошта байланысы арқылы немесе қолма-қол не веб-портал арқылы беру тәсіліне байланысты қағаз немесе электрондық тасығышта беріледі.

Хабарландыруда көрсетілген мерзімнен кейін алынған өтінімдер Оператордың қарауына жатпайды.

53. Конкурсқа қатысу үшін өтінім беруші қабылдау аяқталатын күні және уақытынан кешіктірмей операторға мына құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде өтінім енгізеді:

орта мерзімді және ұзақ мерзімді гранттар үшін:

1) құрылтай құжаттарының көшірмелері (Жарғы, оған барлық өзгерістер және толықтырулармен, құрылтай шарты (болған жағдайда) және өтініш берушінің уәкілетті органының бірінші басшыны тағайындау туралы шешімі);

2) ұсынылатын әлеуметтік жобаға қатысуды растайтын құжаттардың көшірмелері ( хат және (немесе) меморандум және (немесе) шарт) қоса берілген әріптестердің тізбесі (болған жағдайда);

3) өтініш берушінің мемлекеттік гранттар бағыты бойынша әлеуметтік жобаларды іске асырудағы жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар (шарттардың және көрсетілген қызметтер актілерінің электрондық көшірмелері. Әлеуметтік жобалар шетелдік көздер есебінен іске асырылған жағдайда, сондай-ақ гранттар оператор арқылы іске асырылған жағдайда – шарттардың және өзге де құжаттардың көшірмелері (оператор арқылы гранттар іске асырған жағдайда салыстыру актісі) (болған жағдайда);

4) ұзақтығы 3 минуттан аспайтын жобаның бейне-таныстырылымына сілтеме.

ұзақ мерзімді гранттар үшін қосымша:

5) өтініш берушінің жеке салымы немесе әлеуметтік жобаны қаржыландырудың басқа көздері болған кезде растайтын құжаттар (болған жағдайда);

6) ұзақ мерзімді гранттарды іске асыру үшін қажетті материалдық-техникалық базаның болуын растайтын құжаттар (ұзақ мерзімді гранттарды іске асыру үшін материалдық-техникалық база меншікті немесе жалға берілетін жылжымайтын мүлік, жабдық, материалдық емес активтер болып табылады).

54. Өтінім мемлекеттік орган бекітетін үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік гранттар бағыттарының тізбесі және осы Қағидалардың талаптары негізінде қалыптастырылады.

Ұсынылатын әлеуметтік жобаның шығыстар сметасы әлеуметтік жобаны іске асыруға және өтінімде көрсетілген жоспарланған іс-шараларға тікелей байланысты шығындардан әр жылға жеке қалыптастырылады.

Ұсынылатын әлеуметтік жоба шығыстарының сметасы әлеуметтік жобаны іске асыруға тікелей байланысты шығындардан және жеке өтінімде көрсетілген жоспарланған іс-шаралардан қалыптастырылады.

55. Оператор өтінімдерді қабылдау аяқталғаннан кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде оларды осы Қағидаларда көзделген талаптарға және мемлекеттік гранттар бағыттарының бекітілген тізбесіне сәйкестігін қарайды.

Оператор мынадай жағдайларда:

1) өтінімдер осы Қағидалардың 52 және 53-тармақтарының талаптарына, оның ішінде осы Қағидалардың № 9 қосымшасына сәйкес нысанға қойылатын талаптарға, материалдық-техникалық қамтамасыз етуге және институционалдық дамытуға арналған шығыстардың мөлшеріне, ұсынылған құжаттардың толықтығына және өтініш берушінің қолының болуына сәйкес келмеген;

2) өтінім мемлекеттік гранттар бағыттарының бекітілген тізбесіне, оның ішінде нысаналы индикаторға, күтілетін нәтижелерге, іске асыру мерзімі мен аумағына, грантты қаржыландыру көлеміне, сондай-ақ ұзақ мерзімді гранттар кезінде материалдық-техникалық базаға қойылатын талаптарға сәйкес келмеген;

3) үкіметтік емес ұйымның құрылтай құжаттарының мемлекеттік грант бағытына сәйкес келмеуі;

4) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 19 ақпандағы № 51 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13355 болып тіркелген) бекітілген Үкіметтік емес ұйымдар өз қызметтері туралы мәліметтерді ұсыну және олар туралы дерекқорды қалыптастыру қағидаларына сәйкес тәртіпте үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында үкіметтік емес ұйым туралы мәліметтер болмаған;

5) егер үкіметтік емес ұйым тарату процесінде болған;

6) егер үкіметтік емес ұйым банкрот деп танылса;

7) егер үкіметтік емес ұйымның атқарушылық іс жүргізу бойынша берешегі болса;

8) егер үкіметтік емес ұйым мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде тұрған;

9) егер үкіметтік емес ұйымның мүлкіне тыйым салынған;

10) егер үкіметтік емес ұйымның экономикалық қызметі тоқтатылған;

11) егер үкіметтік емес ұйымның басшылары, құрылтайшылары мемлекеттік органның және (немесе) оператордың уәкілетті адамдарының жұбайы (зайыбы), жақын туыстары, жекжаттары болған;

12) егер үкіметтік емес ұйымның басшылары, құрылтайшылары террористік қызметке қатысы бар адамдардың тізіміне, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне және ( немесе) терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне енгізілген;

13) егер үкіметтік емес ұйымның оператор алдында ағымдағы берешегі бар болса конкурсқа қатыстырудан бас тартады және өтініш берушіге тиісті хабарлама жібереді.

56. Оператор өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша қорытынды дайындайды және оны өзінің ресми интернет-ресурсына орналастырады.

Қорытынды келіп түскен өтінімдердің жалпы саны, сараптамалық бағалауға өткен өтінімдердің саны және өтініш берушілер бөлінісінде қабылданбаған және жіберілмеген өтінімдер туралы ақпаратты қамтиды.

57. Өтінімдерді осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін тексеру рәсімдерін аяқтау қорытындылары бойынша оператор сарапшыларға конкурсқа қатысуға жіберілген өтінімдерді бағалауға жібереді.

58. Сарапшылар конкурсқа қатысуға жіберілген үкіметтік емес ұйымдардың өтінімдерін бағалауды жүзеге асырады.

Өтінімдерді алғаннан кейін сарапшылар оларды осы Қағидаларға 10-қосымшада көрсетілген өтінімдерді бағалау өлшемшарттарына сәйкес бағалайды:

1) өтінім берушінің ақпараттық ашықтығы;

2) өтінім берушінің мемлекеттік грант бағыты бойынша жұмыс тәжірибесінің болуы;

3) жоспарланған қызметке жобалау командасының тәжірибесі мен құзыреттерінің сәйкестігі;

4) жобаны іске асыру тәсілдерінің инновациялығы;

5) жобаның логикалық жүйелілігі мен жүзеге асырылуы, сондай-ақ жоба іс-шараларының оның мақсаттарына, міндеттеріне және күтілетін нәтижелеріне сәйкестігі;

6) жобаны іске асыру ауқымы;

7) жоба шығыстары сметасының негізділігі, сондай-ақ жоспарланған шығындардың барабарлығы;

8) жобаның әлеуметтік әсері;

ұзақ мерзімді гранттар бойынша:

9) ұйымның өз үлесі және жобаны іске асыруға тартылатын қосымша ресурстар, оны одан әрі дамыту перспективалары өлшемшарты бойынша қосымша бағаланады.

59. Сарапшылар операторға толтырылған және қол қойылған бағалау қорытындысын оператордан сараптамалық бағалауға өтінімдер келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

Республикалық бюджет қаражатынан мемлекеттік гранттар бойынша конкурс өткізілген жағдайда әрбір өтінімді кемінде 5 (бес) сарапшы қарайды.

Жергілікті бюджет қаражатынан мемлекеттік гранттар бойынша конкурс өткізілген жағдайда әрбір өтінімді кемінде 3 (үш) сарапшы қарайды.

Сарапшылар өз қызметін конкурс сарапшыларының құрамымен танысу құқығынсыз, дербес жүзеге асырады.

60. Бағалау қорытындыларын алғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде оператор жиынтық бағаларды қалыптастырады.

Сарапшылардың бағалау қорытындыларының нәтижесі бойынша Конкурстық комиссияның қарауына ең жоғары қорытынды балл санының 50 (елу) пайызынан астам жинаған өтінімдер жіберіледі.

61. Конкурстық комиссияның хатшысы отырыс өткізілетін күнге дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Конкурстық комиссия мүшелерін хабардар етеді және сарапшылардың бағалау қорытындылары мен Конкурстық комиссияға өткен өтінімдер бойынша оператордың ақпаратын қоса отырып, құжаттар топтамасын жібереді.

62. Шешім Конкурстық комиссияның отырысында қарапайым көпшілік дауыс берумен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, соңғы шешімді Конкурстық комиссияның төрағасы қабылдайды.

Конкурстық комиссияның отырысы оның мүшелерінің 50 (елу) пайызынан астам қатысқан жағдайда заңды болып саналады.

Конкурстық комиссияның хаттамасы жеңімпаз туралы, сондай-ақ екінші орынды алған өтініш беруші туралы мәліметтерді қамтиды.

63. Қарауы күн тәртібіне енгізілген мәселеге қатысты Конкурстық комиссия мүшесінде мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда, ол бұл туралы Конкурстық комиссия төрағасын хабардар етеді.

Конкурстық комиссияның мұндай мүшесі көрсетілген мәселе бойынша дауыс беруге қатыспайды.

64. Конкурстық комиссияның шешімі оны өткізген күннен кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде хаттамамен ресімделеді, оған отырыста төрағалық етуші қол қояды.

65. Конкурстық комиссия мен оператор қызметінің кейінгі рәсімдері осы Қағидалардың 32-38-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

**4-тарау. Мемлекеттік гранттарды іске асыру мониторингін жүзеге асыру тәртібі**

66. Оператор осы Қағидаларға және мемлекеттік грант беру туралы жасалған шартқа сәйкес, оның ішінде тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып, мемлекеттік гранттарды іске асыру мониторингін жүргізеді.

Мемлекеттік гранттарды іске асыру мониторингін оператор әлеуметтік жобаларды іске асыру барысы туралы ақпаратты және грант алушы ұсынған олардың іске асырылуы туралы есептерді жинау, өңдеу және талдау арқылы жүзеге асырады.

67. Қысқа мерзімді гранттарды іске асыру кезінде мониторинг жүргізудің кезеңділігі грант беру шартында көрсетіледі және аралық есепті және жобаны іске асыру қорытындылары бойынша есепті ұсыну қорытындылары бойынша кемінде 1 (бір ) рет жүргізіледі.

Орта мерзімді және ұзақ мерзімді гранттарды іске асыру кезінде мониторинг жүргізудің кезеңділігі грант беру шартында көрсетіледі және тоқсан сайынғы негізде ұсынылады.

Мониторинг жүргізудің кезеңділігі форс-мажорлық мән-жайлар (дүлей зілзалалар) туындаған жағдайда ғана азаюы жағына қарай өзгереді.

68. Мемлекеттік гранттардың іске асырылу мониторингі мыналарды:

1) мемлекеттік грант беру туралы шартқа қосымша болып табылатын іске асырылатын жобаның сапалық және сандық көрсеткіштеріне қол жеткізуді;

2) өтініш берушілер конкурсқа қатысуға ұсынған сметаға сәйкес гранттық қаражаттың мақсатты пайдаланылуын;

3) есептерде және өзге де құжаттарда көрсетілген деректердің анықтығы мен толықтығын қамтиды.

69. Әлеуметтік жобаларға мониторингті толық және сапалы жүргізу үшін оператор мынадай құралдарды пайдаланады:

индикаторлар мен күтілетін нәтижелерді талдау – жоспарланған нәтижелер мен индикаторларды нақты көрсеткіштермен салыстыру арқылы жобаның іске асырылу барысын қадағалау;

"Жасырын сатып алушы" әдісі – жобаның қызметтерін және (немесе) өнімдерін алу кезінде игілік алушылардың тәжірибесін қайта құру жолымен жобаны іске асыру процесін жасырын бақылауға бағытталған мониторинг әдісі;

сауалнама – динамикалық және (немесе) басқа да деректерді немесе жай-күйді жасау үшін пайдаланылатын, жобаның игілік алушыларына мәселелердің арнайы ресімделген тізімін ұсыну жолымен жүзеге асырылатын бастапқы ақпаратты жинау.

70. Гранттық қаражаттың тиімділігін арттыру мақсатында оператор қаржы қаражаты болған кезде грант алушының орналасқан жері немесе жобаны іске асыру орны бойынша шығуды жүзеге асырады және (немесе) мынадай тәуекелдердің болу фактісі анықталған немесе белгіленген жағдайда әлеуметтік жобаларды іске асыруды мониторингтеу үшін сарапшыларды тартады:

бюджет қаражатын әлеуметтік жобаның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес пайдаланбау;

грант алушының бағдарламалық және қаржылық есептерді жоспарланған мерзімдерді бұза отырып ұсынуы;

қызмет көлемін жоспарланған мерзімдерді бұза отырып орындау;

мәлімделген индикаторлар мен күтілетін нәтижелерге қол жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік грант беру туралы шарт талаптарына сәйкес толық көлемде орындамау;

операторға және өзге де мүдделі тараптарға жалған ақпарат беру фактілерін белгілеу;

мемлекеттік грант беру туралы шарт талаптарын жүйелі түрде бұзу.

71. Мемлекеттік гранттарды іске асыру қорытындылары бойынша грант алушылар ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей операторға есеп береді және оны грант алушының интернет-ресурсында орналастырады.

Грант алушылардың есептерінің қорытындылары бойынша оператор "Үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың өз қызметінің нәтижелері туралы есебінің нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 22 желтоқсандағы № 403 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 12633 болып тіркелген) нысан бойынша мемлекеттік гранттардың іске асырылуы туралы есепті қалыптастырады және ағымдағы күнтізбелік жылдың 15 желтоқсанынан кешіктірмей уәкілетті органға немесе орталық мемлекеттік органдарға не жергілікті атқарушы органдарға жібереді.

**5-тарау. Мемлекеттік гранттардың тиімділігін бағалауды жүргізу тәртібі**

72. Қысқа мерзімді гранттардың тиімділігін бағалау жобаны іске асыру аяқталғаннан кейін 1 (бір) ай ішінде жүзеге асырылады.

73. Орта мерзімді гранттар бойынша тиімділікті бағалау 2 (екі) рет:

1) аралық – жобаны іске асырудың бірінші жылының қорытындысы бойынша 1 (бір ) ай ішінде;

2) қорытынды – жобаны іске асыру аяқталғаннан кейін 3 (үш) ай ішінде жүзеге асырылады.

74. Ұзақ мерзімді гранттар бойынша тиімділікті бағалау 3 (үш) рет жүзеге асырылады:

1) бірінші аралық – жобаны іске асырудың бірінші жылының қорытындысы бойынша 1 (бір) ай ішінде;

2) екінші аралық – жобаны іске асырудың екінші жылының қорытындысы бойынша 1 (бір) ай ішінде;

3) қорытынды – жобаны іске асыру аяқталғаннан кейін 3 (үш) ай ішінде.

75. Мемлекеттік гранттардың тиімділігін бағалауды мемлекеттік органдар тиімділікті бағалау жөніндегі комиссиялар құру және бекіту жолымен азаматтық қоғам өкілдерін тарта отырып жүзеге асырады.

Комиссия құрамы мемлекеттік орган өкілдерінен, Оператордың сарапшыларының тізіліміндегі сарапшылар қатарынан, үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінен, қоғамдық кеңестер, үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі консультативтік-кеңесші органдар мүшелері қатарынан қалыптастырылады. Комиссия кемінде 5 (бес) мүшеден тұрады.

Бұл ретте, мемлекеттік органдар грант беру туралы шарттың бұзылуына байланысты іске асырылуы мерзімінен бұрын тоқтатылған жобаның тиімділігіне бағалау жүргізбейді.

76. Мемлекеттік гранттардың тиімділігін бағалау мынадай өлшемшарттар бойынша жүргізіледі:

1) релеванттық. Осы өлшемшарт шеңберінде жоба іс-шаралары мен нәтижелерінің өтініш беруші өтінімде белгілеген мақсаттарға қол жеткізуге сәйкестігі бағаланады;

2) тиімділік. Осы өлшемшарт шеңберінде әлеуметтік жобаның сандық және сапалық нәтижелері, жобаны орындаудың уақтылығы мен толықтығы бағаланады;

3) әлеуметтік әсер. Осы өлшемшарт шеңберінде нысаналы топтың, көрсетілетін қызметті алушылардың жоба шеңберінде көрсетілетін қызметті (өнімді, нәтижені) алу процесіне қанағаттану деңгейі бағаланады;

4) орнықтылық. Осы өлшемшарт шеңберінде жоба аясында басталған қызметті жалғастыру ықтималдығы бағаланады.

77. Әрбір өлшемшарт бойынша 1 (бірден) 5 (бес) балға дейін қойылады.

Мемлекеттік гранттың тиімділігін бағалау мынадай көрсеткіштер бойынша мемлекеттік грантты іске асырудың табыстылығы туралы жалпы тұжырымды айқындаумен аяқталады:

0-ден 12-ге дейін – төмен және (немесе) жоба қанағаттанарлықсыз іске асырылды;

12-ден 16-ға дейін – орташа және (немесе) жоба қанағаттанарлық түрде іске асырылды;

16-дан 20-ға дейін – жоғары және (немесе) жоба сәтті іске асырылды.

78. Мемлекеттік гранттардың тиімділігін бағалау жөніндегі комиссияның шешімі отырыста қабылданады және мемлекеттік органнан бағалауға өтінімдер түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде хаттамамен ресімделеді.

Комиссия отырысы, егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі.

Комиссия шешімі отырысқа қатысып отырған мүшелердің көпшілік дауысымен қабылданады.

Ескерту. 78-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Мәдениет және ақпарат министрінің 28.05.2026 № 247-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

79. Мемлекеттік орган тиімділікті бағалау нәтижелерін операторға олар мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында жарияланғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді.

Тиімділікті бағалау нәтижелері мемлекеттік органдар келесі қаржы жылына арналған мемлекеттік гранттардың бағыттарын қалыптастыру кезінде және оператордың үкіметтік емес ұйымдардың мемлекеттік грант алуына конкурстық іріктеу жүргізуі кезінде ескеріледі.

Аралық бағалау мемлекеттік грантты сапалы іске асыру үшін ұсынымдар әзірлеу мақсатында жүргізіледі.

80. Мемлекеттік органдар жыл сайын жартыжылдықтың қорытындылары бойынша, 5 шілдеге дейін және жылдың қорытындылары бойынша 25 қаңтарға дейін уәкілетті органға тиісті жылы іске асырылатын және (немесе) іске асырылған мемлекеттік гранттар жөніндегі ақпаратты ұсынады. Есеп Excel (Эксель) форматында қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады.

Гранттарды қалыптастыру,
беру, мониторингтеу және
олардың тиімділігін
бағалау қағидаларына
1-қосымша
Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына ұсынылады.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет-ресурста орналастырылған: www.gov.kz порталында мемлекеттік органның интернет ресурстары немесе әлеуметтік желілері арқылы.

Әкімшілік нысанның атауы: 20__ жылға арналған мемлекеттік гранттар бағыттарының тізбесіне енгізу үшін үкіметтік емес ұйымдар мен азаматтардың ұсыныстары

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): МКГГ-1

Кезеңділік: жылдық

Есепті кезең: 20__ жыл

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдары мен жеке тұлғалары

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: орталық мемлекеттік органдар жыл сайын күнтізбелік жылдың 1 қарашасына дейін, жергілікті атқарушы органдар жыл сайын күнтізбелік жылдың 1 шілдесіне дейін

| ЖСН/БСН | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

Жинау әдісі: электронды түрде.

| № | Ұсынылатын мемлекеттік грант бағыты | Гранттың іске асырылуын шешуі тиіс мәселенің қысқаша сипаттамасы | Қаржыландыру көлемі (мың теңге) | Грант түрі және гранттың іске асырылу мерзімі | Гранттың іске асырылу аумағы (осы Қағидалардың 6-тармағына сәйкес) | Күтілетін нәтиже |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1-сала. Білім беру, ғылым, ақпарат, дене шынықтыру және спорт саласындағы мақсаттарға қол жеткізу | | | | | | |
| 1 | | | | | | |
| 2 | | | | | | |
| Жиыны | | | | | | |
| 2-сала. Азаматтардың денсаулығын сақтау, саламатты өмір салтын насихаттау | | | | | | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | | | |
| 2 | | | | | | |
| Жиыны | | | | | | |
| 3-сала. Қоршаған ортаны қорғау | | | | | | |
| 1 | | | | | | |
| 2 | | | | | | |
| Жиыны | | | | | | |
| 4-сала. Жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау | | | | | | |
| 1 | | | | | | |
| 2 | | | | | | |
| Жиыны | | | | | | |
| 5-сала. Отбасылық-демографиялық және гендерлік мәселелерді шешуге жәрдемдесу | | | | | | |
| 1 | | | | | | |
| 2 | | | | | | |
| Жиыны | | | | | | |
| 6-сала. Халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарын қолдау | | | | | | |
| 1 | | | | | | |
| 2 | | | | | | |
| Жиыны | | | | | | |
| 7-сала. Жетім балаларға, толық емес және көп балалы<br>отбасылардағы балаларға көмек көрсету | | | | | | |
| 1 | | | | | | |
| 2 | | | | | | |
| Жиын | | | | | | |
| 8-сала. Халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге жәрдемдесу | | | | | | |
| 1 | | | | | | |
| 2 | | | | | | |
| Жиыны | | | | | | |
| 9-сала. Азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау | | | | | | |
| 1 | | | | | | |
| 2 | | | | | | |
| Жиыны | | | | | | |
| 10-сала. Мәдениет пен өнерді дамыту | | | | | | |
| 1 | | | | | | |
| 2 | | | | | | |
| Жиыны | | | | | | |
| 11-сала. Тарихи-мәдени мұраны қорғау | | | | | | |
| 1 | | | | | | |
| 2 | | | | | | |
| Жиыны | | | | | | |
| 12-сала. Қоғамдық келісімді және жалпыұлттық бірлікті нығайту | | | | | | |
| 1 | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | | | | | | |
| Жиыны | | | | | | |
| 13-сала. Олардың есебінде тұратын адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету кезінде пробация қызметіне жәрдемдесу | | | | | | |
| 1 | | | | | | |
| 2 | | | | | | |
| Жиыны | | | | | | |
| 14-сала. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу | | | | | | |
| 1 | | | | | | |
| 2 | | | | | | |
| Жиыны | | | | | | |
| 15-сала. Азаматтық қоғамды дамытуға, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесу | | | | | | |
| 1 | | | | | | |
| 2 | | | | | | |
| Жиыны | | | | | | |
| 16-сала. Волонтерлік бастамаларды дамыту және қолдау | | | | | | |
| 1 | | | | | | |
| 2 | | | | | | |
| Жиыны | | | | | | |

Атауы________________________ Мекенжайы ________________________
Телефоны _________________________________________________________
Электрондық пошта мекенжайы _______________________________________
Орындаушы _______________________________________ ________________
тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефоны
Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам
_______________________________________________ __________________
тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы
Мөрдің орны
(жеке кәсіпкерік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)
_______________________

"20__ жылға арналған
мемлекеттік гранттар
бағыттарының тізбесіне
енгізу үшін үкіметтік емес
ұйымдар мен азаматтардың
ұсыныстары"
әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысанға
қосымша

**"20__ жылға арналған мемлекеттік гранттар бағыттарының тізбесіне енгізу үшін үкіметтік емес ұйымдар мен азаматтардың ұсыныстары" әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

**1. Жалпы ережелер**

1. "20__ жылға арналған мемлекеттік гранттар бағыттарының тізбесіне енгізу үшін үкіметтік емес ұйымдар мен азаматтардың ұсыныстары" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан (бұдан әрі – Нысан) орталық мемлекеттік органдарға жыл сайын күнтізбелік жылдың 1 қарашасына дейін, жергілікті атқарушы органдарға жыл сайын күнтізбелік жылдың 1 шілдесіне дейін беріледі.

2. Осы Нысанды жүргізудің негізгі міндеті үкіметтік емес ұйымдар мен азаматтардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына 20__ жылға арналған мемлекеттік гранттар бағыттарының тізбесіне енгізу үшін ақпарат жіберуі болып табылады.

3. Нысанға бірінші басшы, ал ол болмаған кезде – оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

**2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

4. Нысанның 2-бағанында мемлекеттік грант салалары бойынша мемлекеттік грант салалары бойынша ұсынылатын бағытының атауы көрсетіледі.

5. Нысанның 3-бағанында мемлекеттік грант шеңберінде гранттың іске асырылуын шешуі тиіс проблеманың қысқаша сипаттамасы көрсетіледі.

6. Нысанның 4-бағанында мемлекеттік грант шеңберінде қаржыландырудың қажетті көлемі көрсетіледі.

7. Нысанның 5-бағанында гранттың түрі және мемлекеттік грант шеңберінде грантты іске асыру мерзімі көрсетіледі.

8. Нысанның 6-бағанында әкімшілік-аумақтық объектілер сыныптауышына сәйкес мемлекеттік грант шеңберінде грантты іске асыру аумағы көрсетіледі.

9. Нысанның 7-бағанында мемлекеттік грант шеңберінде күтілетін нәтиже көрсетіледі.

Мемлекеттік гранттарды<br>қалыптастыру, беру,<br>мониторингтеу және<br>олардың тиімділігін бағалау<br>қағидаларына<br>2-қосымша

Нысан

**Үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік гранттардың ____ жылға арналған бағыттарының тізбесі**

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | Материалдық-техникалық базаға |

| № | Заңның 5-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекеттік грант саласы | Мемлекеттік гранттың бағыты | Проблеманың қысқаша сипаттамасы | Қаржыландыру көлемі (мың теңге) | Грант түрі және грантты іске асыру мерзімі | Грантты іске асыру аумағы (осы Қағидалардың 6-тармағына сәйкес) | Нысаналы индикатор және күтілетін нәтижелер | қойылатын талаптар (ұзақ мерзімді гранттарды іске асыру кезінде ғана белгіленеді) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | | | | | |
| 2 | | | | | | | | |

Мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау қағидаларына
3-қосымша

Кімге: "Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына

Кімнен:

**(үкіметтік емес ұйымның толық атауын көрсету)**

**Сарапшылар тізіліміне енгізу үшін кандидат туралы мәліметтер**

Осы арқылы сарапшылар тізіліміне енгізу үшін кандидат туралы ақпаратты жібереміз, кестеде көрсетілген ақпарат кандидаттан алынғанын, тексерілгенін, дұрыс және толық болып табылатынын растаймыз.

| № р/с | Сарапшының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) | Байланыс ақпараты | Жұмыс орны, атқаратын лауазымы | Заңның 5-бабы 1-тармағына сәйкес кандидатура ұсынылатын сала | Кандидатты ұсынушы үкіметтік емес ұйымның атауы | 5-бағанда көрсетілген сала бойынша жұмыс тәжірибесі | Ұсынымдар (болған жағдайда) (үкіметтік емес ұйымның атауын көрсету) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1 | | | | | | | |
| 2 | | | | | | | |

Қосымшалар:

1) кандидаттың растайтын құжаттары бар түйіндемесі;

2) ұсыным хаттарының көшірмелері;

20____жылғы_ "____" ________ қолы________ Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда). Лауазымы

Мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру,

мониторингтеу және
олардың тиімділігін
бағалау қағидаларына
4-қосымша

**Кандидаттың түйіндемесі**

1. Білімі

| Білім беру мекемесінің атауы (қала, ел) | Түскен уақыты | Аяқтаған күні | Факультеті | Мамандығы |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

Біліктілікті арттыру

| Білім беру мекемесінің атауы (қала, ел) | Сертификат атауы, мамандану тақырыбы | Түскен уақыты | Аяқтаған күні |
|---|---|---|---|
| | | | |

Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы:

2. Еңбек қызметі (соңғы жұмыс орнынан бастап, барлық алдыңғы жұмыс орындарын көрсетіңіз):

| Ұйымның атауы және орналасқан жері: | | | Ұйым қызметінің бағыты : |
|---|---|---|---|
| Атауы | Басталуы<br>айы және жылы | Аяқталуы<br>айы және жылы | Лауазымдық міндеттері: |

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларының, грамоталарының, алғыс хаттарының болуы (атауы және марапаттау жылы);

4. Үйінің мекенжайы (нақты және тіркеу бойынша);

5. Жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі;

6. Растайтын құжаттар (қосымшаларымен дипломдардың көшірмесі), еңбек кітапшасының көшірмелері.

Мемлекеттік гранттарды
қалыптастыру, беру,
мониторингтеу және
олардың тиімділігін
бағалау қағидаларына
5-қосымша

"Азаматтық бастамаларды
қолдау орталығы" КЕАҚ
Басқарма төрағасына
Кімнен: ____________________
(сарапшыға кандидаттың тегі,
аты, әкесінің аты
(болған жағдайда)

**Өтініш**

Мен, (сарапшыға кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа

ала отырып, менің дербес деректерімді жинауға, өңдеуге, таратуға, оның ішінде жариялауға келісім беремін.

(қолы)

Мемлекеттік гранттарды
қалыптастыру, беру,
мониторингтеу және
олардың тиімділігін
бағалау қағидаларына
6-қосымша
Кімге: "Азаматтық
бастамаларды қолдау орталығы"
коммерциялық емес
акционерлік қоғамына
Кімнен: ____________________
(сарапшының тегі, аты, әкесінің
аты (болған жағдайда)

**Сарапшының гранттар беруге арналған конкурсқа өтініш берушімен мүдделер қақтығысының бар-жоқтығы (керегін белгілеңіз) туралы хабарлама**

Мен_________________________________________________________________, (сарапшының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

гранттар беруге арналған конкурстың өтініш берушілерімен мүдделер қақтығысының жоқтығы туралы хабардар етемін және сарапшы ретінде өз қызметімді жүзеге асыру кезінде әділдік пен объективтілік қағидаттарын мүлтіксіз ұстанамын.

гранттар беруге арналған конкурстың өтініш берушілерімен мүдделер қақтығыстың бар-жоқтығы туралы (керегін белгілеңіз).

Сіз үкіметтік емес ұйымның мүшесі (қатысушысы), жұмыс істеп жатқан құрылтайшысы (керегінің астын сызыңыз) болып табыласыз ба (егер болсаңыз, онда үкіметтік емес ұйымның атауын көрсетіңіз):__________________________________.

Сіз басқару органының мүшесі, үкіметтік емес ұйымның басшысы болып табыласыз ба (егер болсаңыз, онда басқару органының, үкіметтік емес ұйымның атауын және атқаратын лауазымыңызды көрсетіңіз):__________________________________________.

Сіз соңғы бір жылдың ішінде үкіметтік емес ұйымнан қызмет көрсеткеніңіз үшін немесе тікелей қаржылай қолдау көрсеткеніңіз үшін төлем алдыңыз ба (егер алсаңыз, нақты қандай қызметтер екенін және үкіметтік емес ұйымның атауын көрсетіңіз):______ _________________.

Сізде үкіметтік емес ұйымның қызметкерлерімен жақын туыстық байланыстарыңыз бар ма (егер болса, жұмыскердің тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда), ол жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымның атауын, туыстық дәрежесін көрсетіңіз):______ ___________.

Сізде өзге де ықтимал мүдделер қақтығысы бар ма (егер болса, қандай екенін көрсетіңіз):_____________________________________________.

Мен мүдделер қақтығысына қатысты саясатты түсінетінімді және осы хабарламаны толтыру кезінде шынайы ақпарат бергенімді растаймын.

20____ж. "____" ________ қолы________

Мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау қағидаларына
7-қосымша

Нысан

Кімге: "Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Кімнен: ___________________
(өтініш беруішінің толық атауын көрсету)

**"_________________________________________________________________________" мемлекеттік грант бағыты бойынша (мемлекеттік гранттар бағыттарының тізбесінен жазылады) үкіметтік емес ұйымдар үшін қысқа мерзімді гранттар беру конкурсына қатысуға өтінім**

| | |
|---|---|
| 1. Өтініш беруші | |
| 1. БСН | (толтыру қажет) |
| 2. Ұйымның тіркелген күні | (толтыру қажет) |
| 3. Ұйымның толық атауы | (толтыру қажет) |
| 4. Ұйымның заңды мекенжайы | (толтыру қажет) |
| 5. Ұйым басшысы | Тегі Аты Әкесінің аты (болған жағдайда), Лауазымы<br>(толтыру қажет) |
| 6. Ұйымның жұмыс тәжірибесі бар нысаналы топтар | (толтыру қажет) |
| 7. Ұйымның байланыс телефоны | (толтыру қажет) |
| 8. Электрондық пошта мекенжайы | (толтыру қажет) |
| 9. Өтініш берушінің веб-сайты, әлеуметтік желілердегі парақшалары (топтар, аккаунттар) | (толтыру қажет, егер ақпарат жоқ болса, "жоқ" деп көрсетіледі) |
| 10. Ұйым туралы қосымша ақпарат (болған жағдайда) | (толтыру қажет емес, егер ақпарат жоқ болса, "жоқ" деп көрсетіледі) |
| 2. Әлеуметтік жобаның командасы | |
| 1. Әлеуметтік жоба командасының мүшелері туралы қысқаша ақпарат | ТАӘ, командадағы ұстаным (толтыру қажет) |
| 3. Жоба туралы | |

| | |
|---|---|
| * Ұсынылып отырған әлеуметтік жоба үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік гранттар бағыттарының тізбесіне (оның ішінде нысаналы индикаторды, күтілетін нәтижелерді, мерзімін, грантты іске асыру аумағын қоса алғанда) және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келуі тиіс | |
| 1. Іске асыруға грант сұралатын әлеуметтік жобаның атауы (мемлекеттік гранттың бағытын негізге ала отырып, еркін нысанда көрсетіледі) | (толтыру қажет) |
| 2. Ресми статистикалық ақпаратқа және (немесе) әкімшілік және (немесе) объективті деректерге (зерттеу нәтижелеріне, деректерді талдауға, талдамалық жарияланымдар мен БАҚ материалдарына және т.б. сілтемелер) негізделген жобаны іске асыру аумағындағы нысаналы топтың және (немесе ) әлеуметтік аспектілердің ағымдағы жай-күйінің сипаттамасы (1 парақтан аспауы тиіс) | (толтыру қажет) |
| 3. Әлеуметтік жобаның мақсаты (жобаның мақсаты мемлекеттік гранттар бағыттарының тізбесі бойынша гранттың нысаналы индикаторына және күтілетін нәтижелеріне сәйкес келуге тиіс) | (толтыру қажет) |
| 4. Әлеуметтік жобаны іске асыру аумағы * гранттың іске асырылу аумағы мемлекеттік гранттар бағыттарының тізбесінде көрсетілген аумаққа сәйкес келуі тиіс | (толтыру қажет) |
| 5. Әлеуметтік жобаны іске асыруды бастаған күн – әлеуметтік жобаны іске асыруды аяқтаған күн (қысқа мерзімді грант кемінде 3 ай ішінде іске асырылуға және ағымдағы жылдың 30 қарашасынан кешіктірілмей аяқталуға тиіс) | (толтыру қажет) |
| 6. Әлеуметтік жобаның нысаналы топтары (жобаның нысаналы топтары жобаның мақсатына, сондай-ақ мемлекеттік гранттар | (толтыру қажет) |

| | | | |
|---|---|---|---|
| бағыттарының тізбесіне сәйкес нысаналы индикаторға және күтілетін нәтижелерге сәйкес айқындалады) | | | |
| 7. Әлеуметтік жобаның күтілетін әсері<br>(жобаны іске асыру нәтижесінде қол жеткізу жоспарланатын сандық мәндері бар нақты өзгерістер көрсетіледі) | (толтыру қажет) | | |
| 8. Әлеуметтік жобаны ақпараттық қолдау | Ақпараттық өнім (мысалы, мақала, бейнеролик, баннер, пост, бюллетень және т.б.) | Әлеуметтік жобаны және ( немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыру уақытындағы ақпараттық өнімдердің саны | Жария ету арналары (мысалы, телевидение, баспа басылымы, интернет-порталдар, жеке сайт, әлеуметтік желілер, радио, таралымдар және т.б.) |
| | (толтыру қажет ) | (толтыру қажет) | (толтыру қажет) |

4.Әлеуметтік жобаның егжей-тегжейлі сипаттамасы

*Әлеуметтік жобаның егжей-тегжейлі сипаттамасы әлеуметтік жобаның мақсаттары мен нәтижелеріне қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарын қамтуы және үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік гранттар бағыттарының тізбесіне (оның ішінде нысаналы индикатор, күтілетін нәтижелер, мерзімі, грантты іске асыру аумағы) сәйкес келуі қажет

| № р/с | Міндеттер (жобаның мақсатына қол жеткізуді қамтамасыз ететін және мемлекеттік гранттар тізбесіне сәйкес келетін әлеуметтік жобаның міндеттері көрсетіледі) | Іс-шараның атауы және сипаттамасы (әлеуметтік жобаның әрбір тапсырмасын орындау үшін атқарылатын негізгі іс-шаралар көрсетіледі және сипатталады) | Өтетін орны (іс-шараның аумағы/өткізу орны көрсетіледі) | Сапалық және сандық көрсеткіштер ( іс-шараларға) (іс-шараны өткізу шеңберінде өлшенетін нәтижелерді көрсететін сапалық және сандық көрсеткіштер көрсетіледі) | Жоспарланған индикаторлар (әрбір сандық және сапалық көрсеткіш үшін сандық мән көрсетіледі) | Іске асыру мерзімдері (әр іс-шараның " айы, жылы" көрсетіледі) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| ... | (толтыру қажет ) | (толтыру қажет ) | (толтыру қажет ) | (толтыру қажет ) | (толтыру қажет) | ( толтыру қажет) |

5. Әлеуметтік жоба шығыстарының сметасы

* Әлеуметтік жоба шығыстарының қорытынды сомасы мемлекеттік гранттар бағыттарының тізбесіне сәйкес гранттық қаржыландыру көлемінен аспауға тиіс.

** Материалдық-техникалық қамтамасыз етуге және институционалдық дамытуға арналған шығыстар қысқа мерзімді гранттың жалпы құнының 10%-інен аспайды.

| № | Шығыстардың баптары | Өлшем бірлігі | Саны | Бірлік құны, теңгемен | Барлығы, теңге | Негіздеме/ түсініктеме |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| ... | (толтыру қажет ) | ( толтыру қажет) | ( толтыру қажет) | (толтыру қажет ) | (толтыру қажет) | (толтыру қажет ) |
| | *Барлығы: (барлық шығыстар сомасы) | | | | (толтыру қажет) | |
| ** Материалдық-техникалық қамтамасыз ету деп жөндеу мен құрылыстың ағымдағы және күрделі нысандарын, жылжымайтын мүлікті сатып алуды қоспағанда, әлеуметтік жобаның мақсаттарына сәйкес ұйымды дамытуға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу түсініледі. Институционалдық даму деп грант алушының қызметкерлерін оқытуға және олардың біліктілігін арттыруға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, сондай-ақ оқу орнына дейінгі жол жүру шығындары, оқу-әдістемелік материалдарды сатып алу түсініледі. | | | | | | |
| 6. Өтінімді растау | | | | | | |
| Осы өтінімге қол қою арқылы өтініш беруші: - Осы Қағидаларда айқындалған үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік гранттар беруге арналған конкурсты (бұдан әрі – конкурс) өткізу шарттары мен тәртібіне келісім беруін; – осы өтінімнің құрамында ұсынылған ақпараттың өзектілігі мен анықтығын; - жүзеге асырылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын осы өтініммен конкурсқа ұсынылған іс-шаралар жобасында болмауын; – осы өтінімде пайдаланылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын ақпараттың болмауын; – осы өтінімде ұсынылуы және өңделуі дербес деректер субъектісінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын дербес деректердің болмауын; - ұйымның жарғысына сәйкес осы өтінімде көрсетілген бағытқа сәйкес келетін қызметтің бір немесе бірнеше түрін жүзеге асыруын; - ұйымды тарату, ұйымның дәрменсіздігі (банкроттығы) туралы іс бойынша іс жүргізу, оның қызметін тоқтата тұру рәсімінің болмауын; - ұйымның Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің бюджеттеріне орындау мерзімі басталған салықтар, алымдар және өзге де міндетті төлемдер бойынша мерзімі өткен берешегінің болмауын (осы өтінім берілген күнге ұйымның тиісті арызы бойынша шешім болмаған кезде ұйым белгіленген тәртіппен шағым жасайтын берешекті қоспағанда);<br>- ұйымның оператор алдында ағымдағы берешегінің болмауын; - ұйымның басшылары, құрылтайшылары , мемлекеттік органның және (немесе) оператордың уәкілетті адамдарының жұбайы (зайыбы), жақын туыстары, жекжаттары болып табылмайтынын; - ұйымның басшылары, құрылтайшылары террористік әрекетке қатысы бар адамдардың тізіміне, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне енгізілмегенін растайды. | | | | | | |
| _________ ___________ ___________________________ "____" _____________ 20___ж<br>(ұйым басшысының лауазымы) (қолы) (қолдың толық жазылуы) (толтыру күні) | | | | | | |

Мемлекеттік гранттарды
қалыптастыру, беру,
мониторингтеу және
олардың тиімділігін
бағалау қағидаларына
8-қосымша

Нысан

Кімге: "Азаматтық
бастамаларды қолдау
орталығы" коммерциялық емес
акционерлік қоғамы
Кімнен: ____________________
(өтініш беруішінің толық
атауын көрсету)

## Қысқа мерзімді гранттардың өтінімдерін бағалау өлшемшарттары - Бағалау қорытындысы

Сарапшының ТАӘ:

ҮЕҰ атауы:

Бағыты:

| Балл | Бағалау мазмұны | Сарапшының бағасы |
| --- | --- | --- |
| | 1.Өтініш берушінің ақпараттық ашықтығы | |
| 9-10 | Ұйым осы өлшемшарттарға толық сәйкес келеді: – қызметі туралы ақпаратты интернеттен іздеу сұрау салулары арқылы оңай табуға болады; – ұйымның қызметі бұқаралық ақпарат құралдарында жүйелі түрде жария етіледі; – ұйымның қолданыстағы, тұрақты жаңартылатын сайты бар, онда оның қызметі туралы егжей-тегжейлі жылдық есептер ұсынылған, іске асырылған жобалар мен іс-шаралар, басқару органдарының құрамы туралы ( болған жағдайда) өзекті ақпарат орналастырылған; – ұйымның әлеуметтік желілерде ұйымның қызметі, оның ішінде іске асырылған және іске асырылып жатқан жобалары туралы ақпарат тұрақты жаңартылып отыратын парақшалары (топтары) бар; – ұйым тұрақты түрде өз қызметі туралы жылдық есептілікті жариялайды. | |
| 6-8 | Ұйым жалпы аталған өлшемшартқа сәйкес келеді, алайда сарапшының жеңіл-желпі ескертулері бар: – ұйымның қызметі, оның ішінде іске асырылған және іске асырылып жатқан жобалары туралы өзекті ақпараты бар ұйымның қолданыстағы сайты, әлеуметтік желілердегі парақшалары ( топтары) бар, алайда ұйымның жұмысы, ол тартатын ресурстар, басқару органдарының құрамы, іске асырылған бағдарламалар, жобалар туралы егжей-тегжейлі мәліметтер жоқ; – қызметі туралы ақпаратты интернеттен іздеу сұраулары арқылы табуға болады; – ұйымның қызметі бұқаралық ақпарат құралдарында | |

| | | |
|---|---|---|
| | мезгіл-мезгіл жарияланып отырады; – сарапшының басқа ескертулері бар (түсініктемемен). | |
| 3-5 | Ұйым аталған өлшемшартқа ішінара сәйкес келеді: – ұйымның қызметі бұқаралық ақпарат құралдарында және интернетте аз жарияланады; – ұйымның әлеуметтік желіде өзекті емес ( ескірген) ақпараты бар сайты және (немесе) парақшасы (тобы) бар; – ұйымның қызметі туралы есептер ашық қолжетімді емес; – сарапшының басқа да ескертулері бар (түсініктемемен). | |
| 0-2 | Жоба осы өлшемшартқа сәйкес келмейді:<br>– ұйымның қызметі туралы ақпарат интернетте мүлде жоқ;<br>– сарапшының басқа да елеулі ескертулері бар (түсініктемемен). | |
| | 2.Жобаны іске асыру тәсілдерінің инновациялығы | |
| 5 | Жоба инновациялық табылады: – жоба проблемаларды шешуге және мақсатқа, қойылған міндеттерге қол жеткізуге бағытталған жаңа немесе айтарлықтай жақсартылған практикаларды, әдістерді енгізуге бағытталған; – ұйымда сипатталған инновацияларды сәтті енгізу үшін ресурстар мен тәжірибе бар | |
| | Ескертпе: Жобаның инновациялылығы – мазмұны, нысандары және құралдары бойынша бұрын ұсынылып отырған жобаның өңірінде іске асырылмаған жобаның іске асырылуы. Бірегейлік – меншікті ( соның ішінде авторлық) технологияларды (әдістерді, әдістемелерді) пайдалана отырып, жобаны іске асыру. | |
| | 3. Жобаның логикалық жүйелілігі мен жүзеге асырылуы, сондай-ақ жоба іс-шараларының оның мақсаттарына, міндеттеріне және күтілетін нәтижелеріне сәйкестігі | |
| | Жоба аталған өлшемшартқа толық сәйкес келеді: - өтінімнің барлық | |

| | | |
|---|---|---|
| 9-10 | бөлімдері логикалық өзара байланысты, әрбір бөлімде жобаның мазмұнын толық түсіну үшін қажетті және жеткілікті ақпарат бар; - жобаның мақсаты проблеманы шешуге бағытталған;<br>- күнтізбелік жоспар жақсы құрылымдалған, егжей-тегжейлі, нақты іс-шаралардың сипаттамасын қамтиды; - жоспарланған іс-шаралар конкурс шарттарына сәйкес келеді және қойылған міндеттерді шешуді және жобаның күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді; - жобаның міндеттерін толық көлемде шешуге мүмкіндік беретін нақты және ақылға қонымды мерзімдер көрсетілген. | |
| 6-8 | Осы өлшемшарт бойынша жоба толығымен пысықталды, алайда сарапшының ескертулері бар:<br>- өтінімнің барлық бөлімдері логикалық өзара байланысты, алайда елеусіз мағыналық сәйкессіздіктер бар, бұл жобаның ішкі тұтастығын бұзады;<br>- жоспарланған іс-шаралар конкурс шарттарына сәйкес келеді және қойылған міндеттерді шешуді және бағдарламаның күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді, сонымен бірге іс-шаралар құрамы толық оңтайлы емес | |
| 3-5 | Аталған өлшемшарт бойынша жоба жеткілікті пысықталмаған, сарапшының ескертулері бар:<br>- егжей-тегжейлі жоспар негізгі іс-шаралардың мазмұнын анықтауға мүмкіндік бермейтін тек қызметтің жалпы бағыттарын сипаттайды, жобаны іске асырудың дәйектілігін ашпайды;<br>- міндеттер, іс-шаралар мен күтілетін нәтижелер арасында логикалық байланыс бұзылған;<br>- жобаның мақсаты белгіленген проблеманы толық шешуге бағытталмаған;<br>- ұсынылған іс-шаралардың іске асырылуы күтілетін нәтижелерге | |

| | | |
|---|---|---|
| | қол жеткізуді толық қамтамасыз етпейді;<br>- сарапшының басқа ескертулері бар (түсініктемемен). | |
